



**LXV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ
ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ
"ҒЫЛЫМ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ"**



9 сәуір 2026



sno_zkmu



sno_zkgmu



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті жас ғалымдар!

**МАРАТ ОСПАНОВ атындағы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ** сіздерді

Медицина профессоры, «Университеттің Құрметті профессоры»
Марат Қапенұлы Ізтілеуовтың 80 жылдық мерейтойына арналған,
**«ҒЫЛЫМ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ» атты LXV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА**
қатысуға шақырады, ол 2026 жылғы 9–10 сәуірде өтеді.



Құрметті достар!

Осы 2026 жылы біздің конференциямыз өзінің 65-ші мерейтойлық конференциясын атап өтеді. Бұл - тек сан емес, бірнеше ұрпақ ғалымдары мен ұстаздарының еңбегін, талпынысы мен шабытын қамтитын тұтас тарих.

Конференция осы жылдар бойы университеттің ғылыми өміріндегі маңызды оқиға болып болып саналады.

Конференцияның мерейтойлық сипаты - медицина ғылымы мен біліміне елеулі үлес қосқан көрнекті ғалым, педагог және тәлімгер, медицина ғылымдарының докторы, медицина профессоры, «Университеттің құрметті профессоры»

Марат Қапенұлы Ізтілеуовтің 80 жас мерейтойына арналып отырғандығында.

Ақтөбе – дамыған инфрақұрылымы, мәдениеті және ғылыми өмірімен ерекшеленетін заманауи қала. Ол еліміздің ғылымы мен медицинасының дамуына айтарлықтай үлес қосқан ғалымдар, ұстаздар мен дәрігерлер үшін кәсіби өсу мен шабыт орталығы болып отыр.

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті сіздерді осы 65-ші конференцияға қатысуға шақырады. Конференцияға өз зерттеу жұмыстарыңыздың нәтижелерін ұсына аласыздар, сонымен қатар кәсіби тұрғыдан тәжірибелеріңізбен алмасып, ғылымның өзекті мәселелерін талқылауға қатыса аласыздар.



Сіз біздің конференциямызға келесі бағыттар бойынша қатыса аласыз:

- Морфология;
- Физиология;
- Эксперименттік медицина, биомедицина;
- Инфектологияның өзекті мәселелері, дерматовенерология;
- Экология;
- Гигиена;
- Қоғамдық денсаулық сақтау;
- Ішкі аурулар және байланысты пәндер;
- Хирургиялық аурулар және байланысты пәндер;
- Акушерлік және гинекология, репродуктология;
- Онкология, радиология, радиациялық медицина, ядрлық медицина;
- Педиатрия;
- Стоматология;
- Патоморфология және Патофизиология;
- Патоанатомия және сот медицинасы;
- Мектеп оқушылары мен колледж студенттері секциясы;
- Постерлік баяндамалар секциясы;
- Филология және мәдениаралық коммуникация;
- Жас ғалымдар: теориялық ғылым;
- Жас ғалымдар: клиникалық медицина;
- Цифрлық медицина және жасанды интеллект;

Қатысу формасы:

Ауызша баяндама: баяндама – 5 минутқа дейін, талқылау – 2 минутқа дейін. Слайдтық презентациялар Microsoft PowerPoint бағдарламасында шаблонға сәйкес жасалуы тиіс. Қосымша 2.

Постерлік баяндама: баяндама тезистері міндетті түрде материалдар жинағына барлық талаптарға сай ұсынылуы тиіс. Постер Х-баннер макетінде 80×180 см өлшемде жасалуы қажет, мәтін конференцияның жұмыс тілдерінде болуы тиіс (постер тақырыбы тезистер жинағындағы ресімделумен сәйкестендірілген) және міндетті түрде иллюстрацияланған болуы керек. Ресімдеу үлгісі. Қосымша 3.

Конференцияның өту орны: Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университеті, Маресьев көшесі, 66, Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы.

Конференцияның өту уақыты: 09:00 – 18:00



Өз жұмысыңызды тезис форматында жариялай аласыз.

Тезистерді ресімдеуге қойылатын талаптар: Тезистер қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде, стильдік және орфографиялық жағынан дұрыс ресімделуі керек. Мәтін MS Word бағдарламасында терілуі тиіс, шрифт - Times New Roman (12 кегль), жоларалық интервал - бірлік, бет жиектері - барлық жағынан 2 см, тезис көлемі - 2 беттен аспауы тиіс (A4 форматында), бет бағыты - кітаптық, автоматты тасымал, абзац шегінсіз, мәтінді туралау - ені бойынша. Үлгіге сәйкес, Қосымша 1.

Тақырып келесі тәртіпте рәсімделуі тиіс: бірінші жол – ортасына теңестіріліп, автор(лар)дың тегі мен аты-жөнінің инициалдары кіші әріптермен; екінші жол – ортасына теңестіріліп, жұмыстың атауы бас әріптермен, қалың қаріппен; үшінші жол – кафедраның толық атауы; төртінші жол – ғылыми жетекшінің аты-жөні (лауазымы, ғылыми дәрежесі); бесінші жол – ортасына теңестіріліп, мекеменің толық атауы, қала және ел көрсетіледі; одан кейін – тезис мәтіні беріледі. Тезис мәтіні ені бойынша теңестірілуі тиіс. Фото, суреттер, кестелер, диаграммалар қолдануға рұқсат етілмейді. Талаптарға сәйкес келмейтін тезистер түзету үшін кері қайтарылады. Файл атауы бірінші автордың тегі бойынша беріледі. Егер бір автордан бірнеше жұмыс ұсынылса, файлдар келесі түрде аталады: «Аты-жөні 1», «Аты-жөні 2», мысалы: АлиеваБЛ1, АлиеваБЛ2.

**Тезистер ғылыми жетекшінің қолымен расталуы тиіс
(сканерленген нұсқасы).**

Тезис келесі бөлімдерден тұруы тиіс:

- Өзектілігі;
- Зерттеудің мақсаты;
- Зерттеу әдістері;
- Нәтижелері;
- Қорытындылар;
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Бөлім атаулары қалың қаріппен белгіленуі тиіс. Қосымша 1.

Тезистер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады. Автор (немесе авторлар) басқа басылымдарда бұрын жарияланбаған жұмысты ұсынуы тиіс.

NB! Тезистер 2026 жылғы 28 ақпанға дейін қабылданады.

Электрондық түрде мына сілтеме арқылы жіберіледі:

<https://forms.gle/LNgZ9kVB3ibCZRfs9>



2 см

Иванов И.И., Иванова И.И.

«НОРЕ» зерттеуі

Ішкі аурулар кафедрасы №2

Ғылыми жетекші: медицина ғылымдарының докторы, профессор Алимжанов А.А.

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті

Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

Ақтуалдығы: Жыл сайын ишемиялық жүрек ауруы эпидемиологиялық сипатқа ие болып келеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) мәліметінше, 45–64 жас аралығындағы адамдардағы жүрек–қан тамырлары ауруларынан болатын өлімдердің 2/3-і ишемиялық жүрек ауруына, негізінен миокард инфарктісіне (МИ) тиесілі. Бұл атеросклерозбен байланысты коронарлық артериялардың зақымдануынан туындайды, сонымен қатар миокард инфарктісінің пайда болу қаупін арттыратын қосалқы ауру – қант диабеті (ҚД). Жеткілікті емнің болмауы, тұрақты стресс факторлары да әсер етеді. Жүрек ауруларының өсуі ел экономикасына теріс әсерін тигізуде. НОРЕ зерттеуі АПФ ингибиторларының антиатеросклеротикалық қасиеттері бар деген идеяға негізделіп, сол арқылы сол жақ қарынша дисфункциясы бар науқастарда аналаприлмен емдеудің плацебоға қарағанда миокард инфарктісі жиілігін төмендететінін анықтауға бағытталды.

Зерттеудің мақсаты: Тіндік АПФ-ты тежегенде терапевтік әсерлерді бағалау, сондай-ақ рамиприлдің негізгі нәтиже компоненттеріне әсерін анықтау: миокард инфарктісі, инсульт және жүрек–қан тамырлары себепті өлім қаупі, жалпы өлім-жітім, жүрек жеткіліксіздігінің дамуы, ревазуляризацияға қажеттілік және диабеттік асқынулардың жиілігі.

Зерттеу әдістері: Зерттеуге жоғары қауіп тобына жататын 9451 науқас (орташа жас – 55) қосылды. Оларда жүрек–қан тамырлары аурулары немесе қант диабеті белгілері бар, кемінде бір қосымша қауіп факторы болған, бірақ жүрек жеткіліксіздігі немесе сол жақ қарыншаның шығару фракциясының төмендеуі байқалмаған. Науқастарға АПФ ингибиторы – рамиприл немесе плацебо тағайындалды. Емнің орташа ұзақтығы 4,5 жылды құрады, ал зерттеудің негізгі нәтижесі – миокард инфарктісі, инсульт және жүрек–қан тамырлары ауруынан өлімнің жиынтық көрсеткіші болды.

Нәтижелері: Зерттеу жүрек–қан тамырлары асқынуларының жиынтық қаупінің төмендегенін көрсетті. Рамиприлмен емдеу жүрек–қан тамырлары себепті өлім, миокард инфарктісі және инсульт қаупін төмендетті. Сондай-ақ, жүрек жеткіліксіздігінің даму қаупі, ревазуляризация қажеттілігі және қант диабетінің макро- және микроваскулярлық асқынуларының қаупі төмендеді.

Қорытындысы: Рамиприл жоғары қауіп тобына жататын, бірақ сол жақ қарынша шығару фракциясы төмендеуі немесе жүрек жеткіліксіздігі жоқ науқастардағы өлім, миокард инфарктісі және инсульт қаупін айтарлықтай төмендетті. Зерттеудің басқа маңызды, бірақ теріс нәтижесі – Е витаминінің тиімді еместігі болды, ал бұрынғы зерттеулерде витаминдердің пайдалы әсері көрсетілген. Бұл факт маңызды, себебі көптеген адамдар витаминдерді қабылдайды, бірақ олардың жағымды әсерін дәлелдейтін айғақтар жоқ.

2 см



Оқу орнының атауы
Кафедраның атауы



ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫС ТАҚЫРЫБЫ

Авторлардың толық аты-жөні
Курс және факультет

Ғылыми жетекші:

Ғылыми дәрежесі, лауазымы және толық аты-жөні

Слайдтық презентация келесі
бөлімдерді қамтуы МІНДЕТТІ:

1. Өзектілігі
2. Зерттеудің мақсаты
3. Материалдар мен әдістер
4. Нәтижелер
5. Қорытындылар

Презентация мүмкіндігінше көркемделген (фотосуреттер, диаграммалар, кестелер және т.б.) толықтырылған болуы тиіс.



65-ая НАУЧНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ СТУДЕНТОВ И МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ МАРАТА ОСПАНОВА


Иванов И.И., Петров П.П.

ИССЛЕДОВАНИЕ «НОРЕ»

Кафедра внутренних болезней №2 Научный руководитель – д.м.н., профессор Алимжанова Р.С.
Западно-Казакстанский государственный медицинский университет имени Марата Оспанова
город Актобе, Республика Казахстан



180см




С каждым годом ишемическая болезнь сердца приобретает эпидемиологический характер. ВОЗ сообщает, что 2/3 смертельных исходов от сердечно – сосудистых болезней среди лиц в возрасте от 45 до 64 лет приходится на долю ишемической болезни сердца и главным образом инфаркта миокарда.

В исследовании «НОРЕ» было включено 9451 большой группы высокого риск (средний возраст 55 лет). У них имелись признаки сосудистых заболеваний или сахарный диабет, а также, по крайней мере, 1 дополнительный фактор риска, но отсутствовали сердечная недостаточность или снижение фракции выброса левого желудочка. Пациентам назначали ингибитор АПФ **рамиприл** или **плицебо**. Длительность терапии составила в среднем 4,5 года, а первичной конечной точкой исследования была суммарная частота ИМ, инсульта и смерти от сердечно–сосудистых заболеваний.



Комбинированная конечная точка в исследовании НОРЕ (сердечно-сосудистая смерть, инфаркт, инсульт)



Комбинированная конечная точка в исследовании НОРЕ



Развитие сердечной недостаточности в исследовании НОРЕ

Исследование «НОРЕ» продемонстрировало снижение суммарного риска сердечно–сосудистых осложнений. Лечение рамиприлом привело также к снижению сердечно–сосудистой смертности, риска инфаркта миокарда и риска инсульта. В исследовании выявлено снижение риска развития сердечной недостаточности, ревакуляризации и макро– и микрососудистых осложнений сахарного диабета.

80см



Назар аударыңыз!!! 1. Барлық талаптарға сәйкес келмейтін тезистер қабылданбайды. 2. Бұрын басқа басылымдарда жарияланған немесе басқа баспаларға ұсынылған материалдар қабылданбайды. 3. Ұйымдастыру комитеті жұмыстарды рецензиялау, баяндамаларды секцияларға бөлу, мақаланың мәтінін өңдеу және түзету (орфография және пунктуация) құқығын өзіне қалдырады. 4. Ұйымдастыру комитеті мақала мазмұны үшін жауапты емес. 5. Барлық ұсынылған постерлер конференция басталмас бұрын ұйымдастыру комитетінің рецензиясынан өтуі қажет. 6. Конференция бағдарламасына тек ауызша және постерлік баяндамалар енгізіледі. 7. Ұйымдастыру комитеті ауызша баяндамаларды іріктеу құқығын олардың көп болуы жағдайында өзіне қалдырады. 8. Тезистерді ұсынған кезде қатысушының (баяндаушының) және ғылыми жетекшінің байланыс нөмірін міндетті көрсету қажет. 9. Белгілі бір секциядағы ғылыми жұмыстардың аздығы жағдайында конференция ұйымдастырушылары жұмыстарды басқа (жақын) секцияларға қосу құқығын өзіне қалдырады. 10. Тезистер жинағы Марат Оспанов атындағы БҚМУ ресми сайтында ашық түрде орналастырылады: «Конференция сериясы» жинағы – <https://zkmu.edu.kz/ru/marat-ospanov-atyndaғы-bқmu-konferenciya-seriiasy/>. 11. Авторлар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ғылыми мақалада зияткерлік меншік және авторлық құқық объектілерін заңсыз пайдаланғаны үшін жауапты болады.

Ұйымдастыру шығындары: 5000 теңге. Төлем төменде көрсетілген есепшотқа жүргізіледі, ал ұйымдастыру комитетіне төлем туралы түбіртектің көшірмесі ұсынылуы тиіс. Қала сыртынан қатысатын қатысушылар үшін төлем конференция күні тіркелген кезде жүзеге асырылады.

Төлем есепшоты: ИИК KZ1794803KZT22031354

Қоғамдық бірлестік: «ЕВРАЗИЯЛЫҚ МОРФОЛОГИЯЛАР ҰЙЫМЫ»

БАНК БИН: 190840029965

Алушы: ҚР резиденті

Алушы коды: 17

Төлем тағайындау коды: 171

Төлем тағайындалуы: «Конференцияға мүшелік жарна»





Ұйымдастыру комитеті

1. Амирбекова Альфия Арманбековна – Студенттік ғылыми ұйым хатшысы, “Марат Оспанов атындағы БҚМУ” +7 771 977 64 12;
2. Алибеков Кадырбек Асылбекович – тезистерді қабылдау жауаптысы, Студенттік ғылыми ұйым, “Марат Оспанов атындағы БҚМУ” +7 777 747 55 02;
3. Бекниязова Айсулу Нұрболовна – тезистерді қабылдау жауаптысы, Студенттік ғылыми ұйым, “Марат Оспанов атындағы БҚМУ” +7 705 818 68 57;
4. Тулегенова Дана Алишеровна – конференция секциялары бойынша жауапты, Студенттік ғылыми ұйым, “Марат Оспанов атындағы БҚМУ” +7 702 130 27 29;
5. Ведюшкина Дарина Сергеевна – конференция секциялары бойынша жауапты, Студенттік ғылыми ұйым, “Марат Оспанов атындағы БҚМУ” +7 702 258 41 76;
6. Махатова Алика Талгатовна – конференция секциялары бойынша жауапты, Студенттік ғылыми ұйым, “Марат Оспанов атындағы БҚМУ” +7 778 940 05 59;

Конференцияда кездескенше!

